SOROS.KZ

OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2019

ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ:

Қайтарымсыз гранттың қайыры бар ма?

Ж.ДОСМАҒАНБЕТОВА | ???, 2019 ж.

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен "Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды. Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

Қысқа мерзімді кәсіптік оқу	Жұмысшы кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау бойынша оқу мерзімі қысқартылған, білім беру бағдарламаларын іске асыруды көздейтін, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің бөлігі;
Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган	Халықты жұмыспен қамту саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
Жұмыссызда	Жұмыспен қамтылған халыққа жатпайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге дайын адамдар;
Халықты жұмыспен қамту орталығы	Ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құратын мемлекеттік мекеме;
Бастапқы бизнес (стартап жоба)	Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу/дара кәсіпкер мәртебесін ресімдеу мерзімі кредиторға кредит/микрокредит алу үшін жүгінген сәтте бір жылдан кем уақытты құрайтын Бағдарламаға қатысушылардың бизнес жобалары.

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе 5

2. Еңбек етсең, көмек көп 6

3. Мемлекеттік грант: сан әлде сапа? 8

4. Түлектер-2018: кәсіп нәсіп болды ма? 9

5. Үздік үлгі: Латвия Республикасының тәжірибесімен салыстыру 11

6. Сын түзелмей, мін түзелмейді 12

7. Ұсыныстар мен қорытынды 13

8. Пайдаланылған әдебиеттер 14

1. КІРІСПЕ

Кез келген мемлекеттің әлеуетін көрсететін, бәсекеге қабілеттілігін танытатын негізгі көрсеткіштердің бірі – сол елдегі жұмыспен қамтылған халықтың үлесі. Сондықтан республикада жұмыссыз жүрген азаматтардың екі қолға бір күрек табуына, өзін-өзі жұмыспен қамтимын деушілерге кәсіп бастауға мол мүмкіндік жасалуда. Әсіресе, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында көрсетіліп жатқан жәрдем көп. Дегенмен, мемлекеттің қолдауы ретінде берілетін грант жұмыссыз азаматтардың кәсібін дөңгелетіп, нәсібін табуға жеткілікте ме? Бұл зерттеу Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2018 жылы қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды тәмамдап, грант алып, бизнес жобаларын іске асыруға қаржының жеткілікті болған/болмағандығын айқындау мақсатында жасалды.

Ең алдымен, еліміздегі еңбек нарығындағы жағдайға, халықтың экономикалық белсенділігіне бір көз жүгіртейік. 2019 жылғы шілдедегі мәліметтер бойынша, көрсеткіштер мынадай (кестеде көрсетілген) *{Кесте 1}*

Қазақстан экономикасының қарқынды дамуында жұмыссыздық мәселесін шешу назардан тыс қалған емес. Әлем елдерін алаңдатып отырған басты түйіткілдердің бірі – осы жұмыссыздық деңгейін төмендету және жұмыссыздарды еңбекке тарту. Соңғы жылдары елімізде ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалады. Бұл ретте мемлекеттік бағдарламалардың іске асуы күрмеуі көп мәселені шешуге оң септігін тигізуде.

[1] ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің еңбек нарығындағы жағдай бойынша берген есебінен

2. ЕҢБЕК ЕТСЕҢ, КӨМЕК КӨП

Мәселен, 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту. Маңызды әрі ауқымды жоба Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы негізінде әзірленді[2].

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы 3 бағыттан тұрады. Оның алғашқысы – қысқа мерзімді кәсіптік оқыту. Бұл бағыт бойынша бағдарламаның негізгі міндеттері мынадай:

1. Еңбек нарығының қажеттігін есепке ала отырып техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау.
2. Еңбек нарығында сұранысқа ие машықтар мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту;
3. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;
4. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру[3].

Кәсіптік оқыту еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен дағдылар бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруды қамтиды. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан өтіп, өз ісіңді бастау аса күрделі шаруа емес. Ол үшін бірінші кезекте Халықты жұмыспен қамту орталықтарына (ауылдық жерлерде – кенттер, ауылдық округтер, аудандық маңызы бар қалалар әкімдеріне) өтініш беру қажет. Керекті құжаттарды қоса өткізесіз. Таңдаған мамандыққа сай 1-6 ай аралығында оқып шығып, сертификатқа ие боласыз. Ал ерекше бизнес идеялары бар түлектер, мемлекеттік грантқа ие болады. Осылайша сұранысқа ие мамандықты таңдай отырып, өз кәсібіңізді ашасыз. *{Кесте 2}*

Кесте 2.



[2] www.adilet.zan.kz
[3] www.enbek.kz

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан өтетін азаматтар оқу, стипендия, жол жүру ақысын төлеу бойынша мемлекеттік қолдауға ие болады.

Кәсіптік оқытудан кімдер өте алады?

1. Жұмыс іздеп жүрген адамдар;
2. Жұмыссыздар ;
3. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін азаматтар.

«Еңбек» бағдарламасын қарқынды жүзеге асырып келе жатқан қалалардың бірі – Нұр-Сұлтан. Жоба туралы толық мәлімет алу үшін Халықты жұмыспен қамту орталығына сұраным жіберілді. Мекеменің дерегіне сүйенсек *[4]*, бас шаһарда кәсіптік оқытуға жалпы сомасы 183,8 млн теңге (2018 жылы – 73,4 млн теңге, 2019 жылы – 110,4 млн теңге) бөлінген. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды 2017 жылы 546 адам, былтыр - 734 адам тәмамдады. Оқуды бастап, белгілі бір себептермен жалғастыра алмай қалғандар да бар. Халықты жұмыспен қамту орталығының мәліметінше, 2017 жылы 67 адам, ал 2018 жылы - 54 адам бағдарламадан шеттетілген[4]. Дереккөз: *Нұр-Сұлтан қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығына берілген сұраным жауабынан.*

[4] Нұр-Сұлтан қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығына берілген сұраным жауабынан

3. МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ: САН ӘЛДЕ САПА?

Кіріспеде атап өткендей, азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын дамыту шеңберінде бастапқы бизнесті іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын және бұрын басқа мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржылық қолдау алмаған үміткерлерге өтеусіз және қайтарымсыз негізде 100 және 200 АЕК мөлшерінде мемлекеттік гранттар беріледі.

2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 77 түлек мемлекеттік грантқа ие болған. Әрқайсысы 100 АЕК, яғни, 240 500 теңге қаржы алып, өз бизнесін бастаған. 21 адам тігін ательесін, 15 адам аспаздық, 12 адам шаштараз, 8 адам маникюр салоны, қалған 21-і шеберхана, дүкен, массаж кабинетін ашып, халыққа қызмет көрсете бастаған[5]. Дегенмен, көпшілігі үй жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр. Сондықтан бағдарлама түлектері тұтынушылар қатарын арттырып, бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік жоқ екенін айтады.

[5] Нұр-Сұлтан қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығына берілген сұраным жауабынан

4. ТҮЛЕКТЕР-2018: КӘСІП НӘСІП БОЛДЫ МА?

2018 жылғы бағдарлама түлектерінің бірнешеуімен сұхбаттастым.
Қойылған сауалдар:

- Жоба туралы ойыңыз қандай?
- Бағдарламаға көңіліңіз тола ма?
- Грант қаржысына не алдыңыз? Бизнесті бастауға жетті ме?

Кейіпкер 1: Сәуле Бостанова, *шаштараз*

- Әрине, «Еңбек» бағдарламасының шарапатын көріп, өзім бұрыннан армандаған ісімді бастаған бақытты жанның бірі менмін. Халықты жұмыспен қамту орталығына барып құжат тапсырып, 3 ай оқу оқып, сертификатты алғасын, бірден ісіме кірісіп кеттім. Бірақ ғимарат-ты жалдауға қаржым болмағасын, үйімнің бір бөлмесін шаштаразға айналдырдым. Ештеңе істемей, құр отырғаннан, өз ісіңмен айналысқан өте жақсы. Мен гранттың ақшасына өзіме қажетті заттардың бәрін алмасам да, ең керектісін сатып алдым. Шаш кептіргіш құрылғы, қайшы, фен, тағы ұсақ-түйек заттар бар. Менің ойымша, грант қаржысы ісіңді жолға қоюға сәл аздау. Тағы көбейтсе, бағдарлама өте нәтижелі болар еді деп ойлаймын өз басым. Арманым – есігімнің алдынан жеке шаштараз ашу. Сол кезде адамдар көптеп келер еді. Қасыма тағы 1-2 қызметкер алар едім. Осы жағына мән берсе екен.

Кейіпкер 2: Гүлсана Ахметова, *аспаз*

- Бағдарламаны өз басым құптаймын. Алғашында осындай жоба бар, бизнес бастасаң болады дегенді естігенде, онша сенбедім. Қорқақтап, біраз уақытқа дейін беттемедім. Кейін оқып көрейін, жобамды ұсынайын, мүмкін, іске асып қалар деген оймен өтініш жаздым. Дегенмен, бәрі орындалды. Грантты жеңім алдым. Тәтті тоқаш, торт, бәліштер пісіріп сатуды бастадым. Ол үшін грант қаржысына арнайы пеш, миксер, блендер сатып алдым. Бірақ сұраныс аздау. Себебі, елордада ірілі-ұсақты кондитерлік нысандар өте көп. Бәсеке жоғары. Мен бәсекеге төтеп бердім деп айта алмаймын, өкінішке орай. Бір айда 1-2 тапсырыс болуы мүмкін. Әрине, мұның себебі ақшаға кеп тіреледі ғой. Ғимаратты жалға алу құны да тым жоғары. Сапалы әрі дәмді тағам әзірлеу үшін сапалы азық-түлік алу керексің. Ол жағы да бар. Айта берсем, ұсақ болса да, кәсібіңнің көркеюіне, алға жылжуына, аяғымызға нық тұруға кедергі келтіретін мәселелер көп. Қаржыны сәл көбейтсе, проблемалар шешілер ме деген ойым бар.

Кейіпкер 3: Дина Бекжанова, *тігінші*

- Мен осы бағдарламаның арқасында тігін ательесін аштым. Ең бастысы, тігін машинасын алып, тапсырыстар қабылдай бастадым. Менің ойымша, еліміздегі нәтижелі бағдарламалардың бірі осы «Еңбек» бағдарламасы шығар. Себебі, жұмыссыз, айналысатын ісі болмаған адамға өте қиын мына заманда. Кәсіп ашудың да артықшылықтары көп. Өз-өзіңе жұмыс істейсің, ешкімге тәуелді емессің. Әрине, ісіңді жолға қою үшін көп еңбектену керек. Мен грант алғаныма өте қуаныштымын. Менің ойымша, грант қаржысы аздаған кәсіпті бастауға толық жетеді. Бірақ алға жылжу, мақсат қою да бар емес пе? Ою-өрнекпен безендіретін арнайы тігін машинасын алғым келеді. Оның бағасы қымбатырақ. Егер қаржы көбірек болса, соны алатын едім деген ойым болды негізі. Бірақ осыған да шүкіршілік етемін. Үйімнен ашсам да, мектептерден тапсырыс аламын, қарапайым тұрғындардың киімін тігемін, төсек жабдықтары бар. «Еңбек» бағдарламасының жемісін көрем деген адам қаржының азды-көптігіне қарамай, құлшынып, алға ұмтылып, тынбай еңбектенуі керек.

Кейіпкер 4: Маржан Мырзахметова, *маникюр шебері*

- Қазір қыз-келіншектер маникюр шеберіне көп жүгінетінін, сұраныстың өте жоғары екенін біліп, қысқа мерзімді кәсіптік курсты осы мамандық бойынша оқып алдым. Алғашында сұлулық салонында бір бұрышты жалдадым. Дегенмен, 2-3 ай жұмыс істегеннен кейін, жалдауға қаржым жетпеді. Арзан бағаға жалдаған жерге адам аз келеді. Сапалы қызмет көрсету үшін қажет материалдарыңа да мән беру керексің. Мен гранттың қаржысына керек құрал-жабдықтарды алдым, оған ақша жетті. Алайда маникюрге ең бірінші кезекте қажет нәрсе – бояушы лак десек, оған қаржы қарастырылмаған, яғни, грант ақшасына ондай нәрселерді алуға болмайды. Жақсы лактардың 1 данасын 2-3 мың теңгеден аласың. Басында кем дегенде 15-20 лак болуы керек. Егер мен сапалы лактар алмасам, қызметімді нашар деп бағалап, келесі жолы адамдар келмейді. Ісім тұраламасын деп, үйде де жалғастырдым. Бірақ көп адам бөтен біреудің үйіне келгісі келмейді. Сондықтан менің ұсынысым – грант мөлшерін көбейтсе, қанша адам қорықпай, өз бизнесін бастар еді. 1 адам бірнеше адамды жұмысқа алар еді.Осылайша жұмыссыздық та азаяр ма? Жалпы жобаға көңілім толады. Мемлекет осындай мүмкіндік бермесе, кәсібімді ашпас та едім.

Анықталған ең өзекті мәселелер:

- Бизнес бастауға грант мөлшері аздық етеді;
- Бас шаһарда орынжайларды жалдау құны тым қымбат;
- Бағдарлама түлектері үй жағдайында қызмет көрсететіндіктен, сұраныс тым төмен.

5. ҮЗДІК ҮЛГІ: ЛАТВИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІМЕН САЛЫСТЫРУ

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында берілетін қайтарымсыз грант мөлшерін салыстыру үшін бірнеше елдің тәжірибесін зерделеуге тура келді. Кейбірінің талаптары басқаша болса, өзгелерінің мақсат-міндеті өзгеше. Ал Латвия Республикасындағы «Риганың батылдық гранты» бағдарламасы біздегіге өте ұқсас екен. Былтыр қолға алынған ауқымды жобаға ел билігі қыруар қаржы бөліп келеді. Грант бастапқы бизнесті іске асыру үшін беріледі. 2018 жылы кәсіп бойынша оқудан өткен азаматтардың 25 бизнес идеясы үздік деп танылып, әрқайсысына 2 мың еуродан ұсынылған[6]. Латвия бизнес бастамалардың санына емес, сапасына көбірек мән беруді дұрыс деп шешкен. Әрі грант мөлшері де анағұрлым көбірек. Бұл кәсіпке енді келгендердің ісін жүйелеуге, нықтап тұруға әсерін тигізері анық.

[6] www.riga.lv

6. СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ, МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Мемлекеттік бағдарлама биыл Парламент қабырғасында да қызу талқыланды. Депутаттар жобаның кемшін тұстарын сынап, бюджеттен қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, еңбек нарығындағы жағдайдың өзгермей отырғандығын алға тартты[7].

Мәжіліс депутаты Айгүл Нұркина:

«2011 жылдан бері жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 800 млрд теңге бөлінген. Бірақ жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайыздан төмендемей тұр. «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасында мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасына алдағы 3 жылда тағы да 186 млрд теңге бөлінбек. Яғни, осы мақсатқа мемлекет қазынасынан бөлінетін қаржының көлемі 1 трлн теңгеге жетеді. Алайда еңбек нарығындағы жағдайдың жақсарар түрі жоқ. Жұмыссыздық еш төмендемей, 4,8% деңгейінде тұр. Ал атаулы әлеуметтік көмек алатындардың қатары күн санап артып келеді. Мұның барлығы, меніңше, жұмыспен қамту бағдарламасының тиімсіздігін дәлелдейді».

Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов жұмыспен қамту бағдарламасы халыққа қажет екеніне сенімді.

«Әрине, кейбір құралдардың тиімділігі әртүрлі екенімен келісем. Оқыту бағытына келер болсақ, ол жағынан түйткіл бар. Мәселен, 60 мың адам кәсіп негіздерін оқыса, осы қысқа мерзімді курстардан өткен азаматтардың 55 пайызы ғана жұмысқа орналаса алған. Сондықтан келер жылдан бұл бағытқа өзгеріс енгізбекпіз», – деді министр.

7 www.kursiv.kz

7. ҰСЫНЫСТАР

Әрине, бағдарлама әлі де сараптап, саралап, өзгерістер енгізуді талап етеді. Себебі, сан қуып, жұмыссыздар қатарын азайтамыз деп қыруар қаржы жұмсалғанымен, нәтиже көңіл көншітпейді. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды бітіріп, грант жеңіп, ісін бастағандардың көбісін үздік бизнес жоба деп атай алмайсың. Тұтынушыға сапалы қызмет те көрсетілмейді. Сондықтан кәсіптік оқуға іріктейтін кезде немесе оқуды тәмамдағаннан кейін грант бererде талап-ережелерді қатайту керек. Грант қаржысының мөлшерін көбейтіп, сапалы бизнес бастамаларға көңіл бөлу қажет. Себебі, кәсібі көркейген бір жоба кем дегенде бірнеше адамды еңбекке тартады, тұтынушыға жоғары деңгейде қызмет көрсетіле бастайды. Бәсеке күшейеді.

8. ҚОРЫТЫНДЫ

Кез келген дамыған елдің табысты экономикасы азаматтарды жұмыспен қамту және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелерін оңтайлы шешумен өлшенеді. Бұл ретте шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдауды күшейту қажет. Өз кезегінде бұл қолдау экономиканы дамытушы факторларға тікелей әсер етері анық.

Ел кәсіпорындарына ұлттық сарапшылар жүргізген сауалнамалар кадрларға қажеттіктің 73% жуығы техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарға және жұмысшы кәсіптерге келетінін көрсетті. Әлемдік саясатта еңбек нарығындағы проблемаларды шешу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары пайдаланылады. Мәселен, еңбек ресурстарын дамыту, яғни, кәсіптік даярлау және қайта даярлауды қолға алу, жұмыс күшіне сұранысты арттыру, сондай-ақ бизнес бастамаларды жүйелі әрі табысты іске асырудың маңызы зор.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы тұтастай алғанда, елдегі еңбек нарығына айтарлықтай әсер етіп, оң нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізуде. Десе де, жобаның тиімділігін көру үшін өзгерістер қажет. Алғашқы қадамның бірі – бастапқы бизнеске берілетін қайтарымсыз грант мөлшерін көбейту. Нәтижесінде отандық бизнестің дамуы жолға қойылады. Осылайша кәсіпкерлік субъектілерінің саны өсіп, жаңа жұмыс орындары құрылады, шағын бизнес саласында еңбек етуге ынталылар қатары артады, нақты бәсекелестік орта қалыптасады. Бұл – ел экономикасын дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыруға және тұрмысын түзеуге сеп болатын негізгі құрал.

ZERTTEU
Research Institute

SOROS.KZ